

**"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 214/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 шілдеде № 3895 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 28/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.01.2018 № 28/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Н. Тұрғановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Бозымбаев*

Павлодар облысы әкімдігінің  
2014 жылғы "26" маусымдағы  
№ 214/6 қаулысымен  
бекітілді

# **"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысы аумағында сәулет және қала құрылысы қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 153-үй.

10. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма сағат 9-00-ден сағат 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден сағат 14-30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление архитектуры и градостроительства Павлодарской области".

12. Мемлекет Павлодар облысының әкімдігі атынан "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: сәулет-қала құрылысы кешенінің жұмысын ұйымдастыру, мониторингін жүргізу, үйлестіру мәселелерінде мемлекеттік саясатты облыстық деңгейде жүзеге асыру.

17. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мақсаттары:

1) облыс аумағында сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) сәулет және қала құрылысы саласындағы іс-шараларды облыстық деңгейде іске асыру;

3) ландшафттар мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуына мониторинг жүргізу жүйесін ұйымдастыру;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыруда облыс тұрғындарының қолайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

18. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәні сәулет-қала құрылысы кешенінің жұмысын ұйымдастыру, мониторингін жүргізу, үйлестіру мәселелерінде іс-шараларды облыстық деңгейде іске асыру болып табылады.

19. Міндеттері:

1) Павлодар облысында сәулет және қала құрылысы қызметін дамытудың облыстық саясатын әзірлеу, сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің орындалуына мониторинг жүргізуді және талдауды қамтамасыз ету;

2) сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы басымдықтарды әзірлеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде стандарттардың, сонымен қатар регламенттердің сапасының сақталуын қамтамасыз ету.

20. Функциялары:

1) аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (облыстың аудандық жоспарлау жобасын немесе оның бөлігін), сондай-ақ Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асырудағы қызметті үйлестіру;

2) облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

3) Павлодар облысы аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларының жобаларын (облыстың аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ облыстық мәслихат мақұлдаған, облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарын әзірлеуді ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

4) облыстық маңызы бар қаланың және аудандардың аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, сондай-ақ қалалық мәслихат

мақұлдаған облыстық маңызы бар қаланы дамытудың бас жоспарларының жобаларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

5) аумақтарда құрылыс салудың, абаттандыру мен инженерлік жағынан қамтамасыз етудің аумақтық ережелерін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу;

6) аумақтарда құрылыс салудың, абаттандыру мен инженерлік жағынан қамтамасыз етудің аумақтық ережелерін облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

7) облыстың елді мекендерінің шекаралары шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл екпелерді егу, күтіп-ұстау және қорғау ережелерін облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

8) жергілікті атқарушы органдардың қарауына құрылыстарды, ғимараттарды, имараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу, кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау туралы ұсыныстар дайындау, сондай-ақ шешімдер қабылдау;

9) облыстың мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу;

10) инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және түзету жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;

11) сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетулер;

12) жергілікті атқарушы органдардың қарауына объектілер мен кешендерді орналастыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

13) Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы ұйымдары қызметінің жағдайына талдау жүргізу, оның белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;

14) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

15) Павлодар облысының әкімдігі мен әкімі тапсырмаларын, актілерін орындау және орындауды ұйымдастыру;

16) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің жоспарларын әзірлеу;

17) облыс әкімдігі мен әкімінің актілерімен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен қарастырылатын жағдайларда, мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектілері өкілеттіктерін, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқықтарын жүзеге асыру, оның ішінде тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзыреттеріне ұқсас оларға қатысты шешімдер қабылдау;

18) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті өткеруге байланысты мәселелерді іске асыру;

19) Алынып тасталды – Павлодар облыстық әкімдігінің 25.02.2016 № 54/2 ( алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру, жүргізу және жетілдіру;

21) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінде ақпараттық ресурстар жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету;

22) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 20 - тармаққа өзгерістер енгізілді Павлодар облыстық әкімдігінің 25.02.2016 № 54/2 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына сәулет және қала құрылысы мәселелерімен байланысты дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі ақпаратты белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың және азаматтардың келісімі бойынша сұрату және алу;

3) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

4) мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен сәулет және қала құрылысы мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасасу;

5) мемлекеттік органдарда, сотта "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіру;

б) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасу.

### **3. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар облысының сәулет және қала

құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

24. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етеді;

2) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді, материалдық көмек көрсетеді, тәртіптік шара қолданады;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін, оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атынан өкілдік етеді;

8) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысының келешектегі және ағымдағы жоспарларын бекітеді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және дербес жауап береді.

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару бойынша уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саладағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және ұжымдық шартпен реттеледі.

#### **4. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

28. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

"Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату (қысқарту)**



31. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі таратылған кезде, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік облыстық коммуналдық меншікте қалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК